**Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған деректер банкін құру және оның жүргізілуі жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2009 жылғы 29 қыркүйектегі N 53 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 11 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5854 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2012 жылғы 12 қарашадағы № 134 Бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 2012.11.12 № 134 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйені жетілдіру және дамыту мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексін" қолдану барысында мемлекеттік органдарды ақпараттық қамтамасыз ету үшін, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) базасында әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған деректер банкі құрылсын.

2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған деректер банкін құру туралы Нұсқаулық 1-ші қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының жекелеген актілерінің 2-ші қосымшаға сәйкес күштері жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрық жолдансын:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркелуі үшін;

2) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне және Комитеттің аумақтық органдарына орындалуы үшін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына (Ахметжановқа М.М.) жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен соң қолданысқа енеді.

*Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Қ. Мәми*

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2009 жылғы 29 қыркүйектегі N 53 бұйрығына 1- қосымша

## Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған деректер банкінің жүргізілуі туралы НҰСҚАУЛЫҚ

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті (одан әрі – әкімшілік практика субъектілері) барлық мемлекеттік органдарға бірыңғай әкімшілік құқық бұзушылықтарды және оларды жасаған тұлғаларды есепке алуды белгілейді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010.03.17 № 17 Бұйрығымен.

2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған есепке алу Комитетімен электрондық деректер банкін (бұдан әрі – орталықтандырылған деректер банкі немесе ОДБ) жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011.05.31 № 51 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

3. Деректер банкі әкімшілік тәжірибе субъектілері ұсынатын «Әкімшілік құқық бұзушылықтарды және оларды жасаған тұлғаларды есепке алу бойынша карточка» № 1-ӘҚ (1-қосымша), «Заңды күшке енбеген облыстық және оларға теңестірілген соттар қаулыларын қайта қарау тәртібінде қаралған әкімшілік істерді есепке алу бойынша карточка» № 2-ӘҚ (2-ші қосымша), «Заңды күшке енген облыстық және оларға теңестірілген соттар және ҚР Жоғарғы Сотының қаулылары мен анықтамаларын қайта қарау тәртібінде қаралған әкімшілік істерді есепке алу карточкасы» № 3-ӘҚ (3-ші қосымша) ақпараттық есепке алу құжаттарының (бұдан әрі – АЕҚ) және әкімшілік жаза тағу туралы қаулыны орындау туралы хабарлама (4-ші қосымша), сонымен қатар құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы қажетті мәліметтер қамтылған әкімшілік жауаптылықтан және әкімшілік жазадан босату туралы (5-ші қосымша) және әкімшілік жаза тағу туралы қаулының орындалуын қысқарту туралы (8-қосымша

) хабарламалар негізінде қалыптасады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011.05.31 № 51 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

4. АЕҚ есепке алу құқық бұзушылық жасалған орында жүргізіледі. Әкімшілік практика субъектілерінің орталық аппараттары ақпараттық есепке алу құжаттарын Комитеттің аумақтық басқармаларына әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жер бойынша (бұдан әрі – Басқарма) жолдайды.

Әскери қызметшілермен, ҚР Қарулы Күштеріне шақырту немесе шарт бойынша әскери қызметтен өтетін тұлғалармен, өзге де әскерлер мен әскери құрылымдарда әскери жиылыс өту кезінде қорда тұрған азаматтармен, әскери міндеттерін атқару барысында әскери бөлімдердің азаматтық қызметкерлерімен жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар Комитеттің әскери басқармасында есепке алынулары тиіс.

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің қызметкерлері анықтаған Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ тұлғалар жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтар Комитет басқармаларында әкімшілік құқық бұзушылық жасалған орны бойынша есепке алынады.

Әкімшілік практика субъектілерінде ведомстволық деректер банкісінің болуы жағдайында ақпараттық есепке алу құжаттарында қамтылатын мәліметтер осы ақпараттық банкке енгізіледі. Содан соң, ведомстволық деректер банкісінен мәліметтер электрондық форматта (Комитетпен анықталған) алынады және Басқармаға осы Нұсқаулықпен белгіленген тәртіпте және мерзімде модем байланысы немесе магниттік жеткізушілер арқылы жолданады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010.03.17 № 17 Бұйрығымен.

5. Басқармалар ақпараттық есепке алу құжаттары негізінде жергілікті ақпараттық деректер базасына (бұдан әрі – жергілікті деректер базасы) келіп түсетін ақпараттарды электронды тәртіпте Комитеттің орталық банкіне жолдау жолымен қалыптастырады.

6. Әкімшілік практика субъектілерімен жеке және заңды тұлғаларды жергілікті және орталықтандырылған есепке алу негізі олармен әкімшілік құқық бұзушылықтың жасауы болып табылады.

7. Әкімшілік практика субъектісінде электронды деректер базасының болмағаны жағдайында ақпараттық есепке алу құжаттары субъектілермен түсінікті, баспа әріптерімен, көгілдір немесе қара бояумен қолмен немесе компьютер арқылы басумен жазылады.

Соттар қарайтын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттаманы құрастырушы мемлекеттік

органдар № 1-ӘҚ нысанды карточкаларды толтырмайды
Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мәліметтердің нақтылығына, толықтығына және уақытылы ұсынылуына АЕҚ сәйкес деректемелерін толтырушы әкімшілік практика субъектінің қызметшісі жауапты тұлға болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайтын әкімшілік практика субъектілері карточканы 22 деректерге дейін толтырады.

Сондай-ақ, ішкі істер органдары үшін 22-30 деректемені толтыру қажет.

Ескерту: АЕҚ Басқармаға электронды түрде жолдау барысында түпнұсқалары осы Нұсқаулықпен белгіленген мерзімге сәйкес әкімшілік практика субъектілерінде сақталады.

Мәліметтерді түзету әкімшілік практика субъектісімен субъектінің өзімен немесе мониторинг нәтижелері жөніндегі басқарма ақпараты бойынша қателікті анықтаған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

Ескерту: орталықтандырылған деректер банкіне түзетілген ақпараттық есепке алу құжаттары осы Нұсқаулықтың 9-тармағына сәйкес жолданады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010.03.17 № 17, 2011.05.31 № 51 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

8. Кәртішкелердің ұсынылу өзуақытылығының есепке алынуы және бақылауы толықтығын қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік практика субъектілеріне тоқсанда бір рет (келесі есептік тоқсан айының 10 санына дейін) басқарманың (Комитеттің) тиісті деректер банкісімен салыстырулар өткізіп отыру қажет.

Ескерту: соттар ақпараттық өзара әрекеттестікке сәйкес Комитеттің орталықтандырылған деректер банкіне енгізілетін соттардың БАААЖ-не № 1-ӘҚ, 2-ӘҚ, 3-ӘҚ нысанды АЕҚ деректемелерін толтырады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010.03.17 № 17, 2011.05.31 № 51 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

## 2-тарау. Есепке алу-тіркеу құжаттарының құрылуы және өңделуі

9. Әкімшілік практика субъектілері № 1-ӘҚ нысанды АЕҚ-ны тек заңды күшке енген қаулылар бойынша қояды.

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘҚБК) 639-бабына сәйкес, әкімшілік жаза тағу туралы қаулыны рәсімдемеген материалдар бойынша N 1-ӘҚ нысанды АЕҚ тікелей

ескерту немесе айыппұл шығарылғанынан соң қойылады.
Әкімшілік практика субъектілері (деректерді Бірыңғай статистикалық жүйеде ББСЖ импорттауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардан басқа) № 1-АП нысанды АЕҚ-ны он күн мерзімділігімен – әр айдың 10, 20, 30 күндері жолдайды. Мемлекеттік органдар № 1-ӘҚ нысанды АЕҚ ББСЖ толтырып, орталықтандырылған деректер банкіне онлайн режимінде енгізеді.
Ескерту: Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 175-бабына сәйкес, мерзімнің соңғы жұмыс күні демалыс күніне түсетін жағдайда, мерзімнің аяқталатын күні одан кейінгі келесі жұмыс күні болып табылады.
Айыппұлды ҚР ӘҚБК 708-709 баптарына сәйкес өндіріп алу туралы қаулыны орындау кезінде сот орындаушылары, уәкілетті органдар (лауазымды тұлғалар) 3 жұмыс күні ішінде әкімшілік практика субъектісіне әкімшілік жаза тағу туралы қаулыны орындау туралы хабарламаны жолдайды (осы Нұсқаулыққа қоса берілген 4-қосымша).
Әкімшілік практика субъектісі келіп түсетін хабарламалар негізінде АЕҚ-ға айыппұл тағу туралы қаулыны орындау жөніндегі белгіні қояды.
Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010.03.17 № 17, 2011.05.31 № 51 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

10. Әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлғалар туралы (11, 12 тармақтарында көрсетілмегендерден басқа) әкімшілік жаза тағу туралы қаулының орындалғанынан кейін 1 жыл бойы сақталады.
Егер қаулы заңды күшіне енген күннен бастап, бір жыл мерзім ішінде, ал салық салу саласындағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жаза тағайындау туралы қаулысы бойынша заңды күшіне енген күннен 5 жыл мерзім ішінде қаулы орындалмаса, ҚРӘҚтК 703-бабына сәйкес әкімшілік жаза тағайындау туралы қаулы белсенді есепке алынудан шығарылуы керек.
Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010.03.17 № 17 Бұйрығымен.

11. Әкімшілік жауаптылыққа тартылған кәмелет жасқа толмағандар туралы мәліметтер әкімшілік жаза тағу туралы қаулының орындалғанынан соң (ҚР ӘҚБК 79-бабы) алты ай ішінде сақталады.

12. Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағандары үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлғалар туралы мәліметтер әкімшілік жаза тағу туралы қаулының орындалғанынан соң 3 жыл ішінде сақталады.
Басқармадағы сақтау мерзімдері өтеліп кеткен АЕҚ жойылған есепке алу құжаттарының жалпы санының көрсетілуімен акт бойынша жойылады.
Әкімшілік практика субъектілерінде сақтау мерзімдері өтіп кеткен АЕҚ басқарма қызметкерінің қатысуымен, осы Нұсқаулықтың талаптарымен

белгіленген ереже бойынша жойылады.

Сақтау мерзімі өтіп кеткен ақпараттық есепке алу құжатының электронды дерегі мұрағаттану мүмкін және активтік есептен алынуы тиіс.

## 3-тарау. "Әкімшілік құқық бұзушылықтарды және оларды жасаған тұлғаларды есепке алу бойынша кәртішке" N 1-ӘҚ нысанды АЕҚ толтыру тәртібі және құрылымы

13. Кәртішкенің 1-ші деректемесінде құқық бұзушылықты анықтаған және хаттаманы құрастырған уәкілетті органның атауы көрсетіледі, сонымен қатар құқық бұзушылықты анықтаған мемлекеттік органның бастамалығымен міндетті түрде 1.1. деректемесінде көрсетіледі.

14. 2-ші деректемеде құқық бұзушылық жасалған орын (елді-мекен, облыс аудан) көрсетіледі.

15. 3-ші деректемеде материалдарды (хаттаманы) істі қараған орган.

3.1. деректемеде – ведомстволығы (соттылығы) бойынша келіп түскен күні туралы, ал 3.2. деректемеде – сот органдарына қарау үшін жолданған күні туралы көрсетіледі.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010.03.17 № 17 Бұйрығымен.

16. 4-ші деректемеде материал (хаттама) нөмірі және басталған күні.

4.1. деректемеде – бас тарту материалының нөмірі және қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының шығарылған күні көрсетіледі.

Егер, ҚР ӘҚБК 639-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама құрылмаса, 4-ші деректемеде "Х/Ж" (хаттамасыз) жазуы бейнеленеді.

5-ші деректемеде істі қараған немесе құқық бұзушылық жасалған жерде ескертуді немесе айыппұл төлеуді рәсімдеген лауазымды тұлғаның аты-жөні көрсетіледі.

17. 6-шы деректемеде – АЕҚ тіркеу күні, 6.1. тармағында әкімшілік практика субъектісінің журналы бойынша тіркеу нөмірі көрсетіледі.

18. 7-ші деректемеде АЕҚ басқармаға келіп түскен және түзетілген күні.

19. 8-ші деректемеде субъектік құрам бойынша әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаның меншіктілігі көрсетіледі, ал 8.1. деректемеде субъектінің министерстволар және ведомстволарға нақты меншіктілігі ерекшеленеді.

Мысалы, ішкі істер органдарының қызметкері әкімшілік құқық бұзушылық жасады. Аталған жағдайда 8-ші деректемеде 1-ші тармақ белгіленуі тиіс (жеке тұлға), ал 8.1. деректемеде – 8-ші тармақ көрсетілуі тиіс (ішкі істер органдарының қызметкері).

20. 9-деректемеде ҚР ӘҚБК нормалары бойынша құқық бұзушылықтардың

біліктіліктері көрсетіледі, 9.1-деректемеде жеке тұлғалар үшін кінә түрі келесі кодтау жолымен көрсетіледі: «1» - қасақана; «2» - абайсызда.

9.2. деректемеде әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалған (табылған) күні, 9.3. деректемеде – құқық бұзушылықтың қысқаша фабуласы көрсетіледі.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011.05.31 № 51 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

21. Әкімшілік істің қаралу күні 10-шы деректемеде, ал соттар үшін сот органдарына түскен күні 10.1-ші деректемеде көрсетіледі.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010.03.17 № 17 Бұйрығымен.

22. 11-ші деректемеде ӘҚБК 46 және 57-баптары бойынша әкімшілік жазаны өтеу бейнеленген, негізгі (11.1. деректемесі), қосымша (11.2. деректемесі) және тиісінше жаза тағу мерзімінің аяқталған күні.

Мысал: өтеудің "рұқсаттамадан айырумен айыппұл төлеу" әкімшілік шарасын шығару жағдайында, 11.1. деректемесінде (негізгі) "айыппұл (02)" тармағы көрсетіледі, ал 11.2. деректемесінде (қосымша) "рұқсаттамадан айырылу /тоқтату" (05) тармағы көрсетіледі.

11.3. деректемесінде әкімшілік-құқықтық әрекет жасау шаралары көрсетіледі" : жол қозғалысы білімдерін тексеру (12), дәрігерлік сипаттағы мәжбүрлеу шаралары (13).

11.4. деректемеде әкімшілік өндірістің аяқталуы көрсетіледі.

11.5 және 11.6-деректемелерде әкімшілік істерді тоқтатудың негізі мен себептері көрсетіледі.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011.05.31 № 51 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

23. 12. деректемеде мемлекетке келтірілген зиян сомасы көрсетіледі, 12.1 мемлекет пайдасына өндіріп алынғаны.

Мемлекетке залал келтіру ҚР ӘҚБК 122, 123, 124, 125, 126, 127, 130, 135-1, 140, 141, 143, 147, 147-1, 147-4, 155, 156, 162, 168-3, 172, 175, 176, 177, 178, 179, 179-3, 188-1, 196-1, 204, 224, 227, 235, 265, 287, 302, 306, 306-2, 361, 421, 426, 427 , 429, 433 баптарымен анықталады.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011.05.31 № 51 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

24. 13-деректемеде – салынған айыппұл мөлшері (теңге сомада).

25. 13.1-деректемеде – өтелген айыппұл мөлшері (теңге сомасында).

13.2-деректемеде ҚР ӘҚБК 708, 709-баптарының негізінде айыппұлды

өндіріп алу туралы қаулыны беру күні көрсетіледі, 13.3-деректемеде – осы баптар бойынша айыппұлды өндіріп алу туралы қаулының орындалу күні, 13.4-деректемеде мәжбүрлеу тәртібінде өндірілген айыппұл мөлшері көрсетіледі.»;

13.5-деректемесінде әкімшілік тұтқын түріндегі, арнайы құқығынан айыру немесе айыппұл түріндегі әкімшілік жаза тағу туралы қаулының орындалуы ұзартылған күні белгіленеді, ал 13.6-деректемеде судья, органның лауазымды тұлғасы айыппұл тағу туралы қаулыны орындауға дейінгі ұзартқан мерзімі көрсетіледі.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011.05.31 № 51 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

26. 14-ші деректеме әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлға туралы мәліметтерді қамтиды: тегі, аты, әкесінің аты.

14.1. деректемеде – туған жылы, айы, күні, жері, сонымен қатар құқық бұзушының туған жері қысқартылмай жазылады.

14.2. деректемеде тармақтарды кодировкалау жолымен жеке куәлік нөмірі көрсетіледі: "1"-төлқұжат, "2"-жеке куәлік, "3"-тұрғылықты жері туралы мәлімет, "4"-азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі, "5"-жүргізу куәлігі, "6"- әскери билеті.

27. 14.3-деректемесінде – жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) және салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) көрсетіледі.

14.4-құқық бұзушының жынысы көрсетіледі.

14.5-деректемеде әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаның азаматтығы туралы мәліметтер бейнеленеді.

15-деректемеде жұмыс орны, лауазымы, оқу орны көрсетілген.

16-деректемеде алкогольді, есірткі, уландырғыш заттарды пайдаланып мас күйінде әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар туралы мәліметтер бейненленген.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011.05.31 № 51 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

28. 17-деректемеде тиісті кодтау жолымен заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық нысаны көрсетіледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011.05.31 № 51 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

29. 18-деректемеде заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі (жеке кәсіпкердің), оның заңды мекен-жайы, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Бас

Прокурорының 2011.05.31 № 51 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

29-1. 19-деректемеде ҚР ӘҚБК 672-бабына сәйкес наразылық шығарылған күні, ал 20-тармақта оның қарау қорытындысы көрсетіледі.

20.1-деректемеде ҚР ӘҚБК 655-бабы тәртібінде шағымдалған немесе наразылық білдірілген қаулы белгіленеді, 20.2-деректемеде шағымды немесе наразылықты қарау нәтижесі, 20.3-деректемеде шағым немесе наразылық бойынша істі қарау күні, ал 20.4-деректемеде істі қайта қарайтын жоғары тұрған органның атауы көрсетіледі.

Ескерту. 29-1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011.05.31 № 51 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

30. Соттардың БААТЖ-нен апелляциялық сатылы соттың қарау нәтижесі туралы осы Нұсқаулықтың 9-тармағына сәйкес №2-АП нысанды ЕАҚ шығарылады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010.03.17 № 17 Бұйрығымен.

31. АЕҚ толтырған тұлғаның аты-жөні, лауазымы, қолы қойылады және толтыру күні 21-ші деректемеде көрсетіледі.

Ескерту. 31-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010.03.17 № 17 Бұйрығымен.

32. 22-ден 30-ға дейінгі деректемелерді ішкі істер органдары толтырады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011.05.31 № 51 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен.

## 4-тарау. N 1-ӘҚ нысанды электронды АЕҚ

33. Электронды № 1-ӘҚ нысанды АЕҚ толтыру «жеке тұлғалар үшін «Тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, жері, ЖИН» деректемелерін немесе заңды тұлғалар үшін «Заңды тұлға атауы», «Салық төлеушінің тіркеу нөмірі, БИН, ұйымдастыру-құқықтық нысаны, заңды мекенжайы» деректемелерін толтырудан басталады. Заңды тұлғалардың деректері кодтары көрсетілген заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерліктердің нысандары түрлерінің толық анықтамалығын экранға шығару жолымен толтырылады. Жеке кәсіпкерге АЕҚ-ын толтыру жеке тұлға үшін толтыру түріне ұқсас келеді.

«Заңды тұлға атауы, заңды мекенжайы, салық төлеушінің тіркеу нөмірі» деректемесі қысқартуларсыз, материалда (хаттамада, істе) көрсетілген мәліметтерді енгізе отырып толтырылады.

Жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты мәліметтерді енгізу барысында жеке және заңды тұлғаларға қатысты мәлімет енгізуге арналған кіріспелер жасырылады.

Жеке және заңды тұлғалардың бекіту мәліметтерін толтырғаннан соң, бағдарлама соңғыларын жойып тастамау әдісімен, түзетулер енгізу мүмкіндігімен енгізілетін тұлғаларға қатысты мәліметтердің бар екендігі туралы анықтамаларды ұсынады, сонымен қатар мәліметтердің сақталуы толық жүзеге асырылады. Жаңа ақпараттардың енгізілуі «Жаңа кәртішке» терезесінде жүргізіледі».

Электронды форматта толтырудың бірінші деректемесі құқық бұзушылықты анықтаған «орган» деректемесі болып табылады. Аталған деректеме ведомство кодын таңдау жолымен толтырылады. Кодтары көрсетілген әкімшілік субъектілердің толық анықтамалығын шақыру тышқанның оң жақ батырмасын басу арқылы жүзеге асырылады.

«Соның ішінде мемлекеттік органның бастамасымен», «Жасалған орны» және «Материалды қараған орган» деректемелер бөліктері ел аймақтарының немесе әкімшілік практика субъектілерінің толық анықтамалығы көмегімен ведомство кодын сәйкестендіріп қою жолымен толтырылады.

Әкімшілік материалдарды сот органдарына жіберген кезде негіз (хаттама, түбіртек, қаулы, материал, іс, ұйғарым және т.б.) көрсетіле отырып, 3.2-деректеме толтырылады.

«Материал нөмірі және басталу күні», «Істі қараған тұлғаның аты-жөні», « Тіркеудің күні мен нөмірі» және «ҚСжАЕК келіп түсу күні» № 1-ӘҚ нысанды АЕҚ көрсетілген мәліметтерді енгізумен немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы материалдармен (хаттама, іс) толтырылады. Ведомстволық деректер банкі бар әкімшілік практика субъектілері «ҚСжАЕК келіп түскен күні» деректемесін толтыру барысында, онда АЕҚ енгізуінің нақты күнін белгілейді. Материалдарда әкімшілік істі қозғап, қылмыстық істен бас тарту туралы мәліметтер болған кезде, «Бас тарту материалының нөмірі және ҚІҚБТ күні» толтырылады.

«Субъект», «Кәсібі», «Біліктілік» және «Кінә нысаны» деректемелері әкімшілік практика субъектілерінің кодификациялық тізбесін, ҚРӘҚтК баптарының тізбесін қамтитын анықтамалықтарды тармақтар мен тармақшаларға бөле отырып, сонымен қатар кінә нысандары түрлерін пайдаланып толтырылады.

8 деректемесіндегі "01 - жеке тұлға", "25 - лауазымды тұлға, 26 - лауазымды тұлғаға теңестірілетін тұлға" таңдау кезінде «Кәсібі» 8.1 деректемесін толтыру міндетті.

«Құқық бұзушылық біліктілігі» деректемесінде тармақты немесе тармақшаны көрсету қажет болған жағдайда, енгізу барысында олардың алдына «0 (нөл)»

саны қойылады. Мысалы, 79-5-бап, 2-бөлім 079502 түрінде, 532-бап, 1-бөлім 532001 түрінде белгіленеді.

Құқық бұзушылық фабуласы толық аяқталған сөздермен толытырылады. Өткен жылдардағы кәртішкелерді, оларда құқық бұзушылықтар фабулаларының жоқтығын ескере отырып түзеткен кезде, ҚРӘҚтК баптарының атаулары жазылады.

«Негізгі жазалау шаралары», «Қосымша» және «Әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары» деректемелері де қандай да бір жазалау шаралары сәйкес келетін кодты тышқан тетігінің оң жақ батырмасын басу арқылы қойып, экранға жаза түрлерін белгілеп, тек жоғарыда көрсетілген баптарға қатысты қолданылатын толық анықтамалықты шығару үшін толтырылады.

Мысалы, ӘҚБК 423-бабын көрсету барысында, анықтама «айыппұл», « тұтқынға алу», «рұқсаттамадан айыру (тоқтату)» деректемелерінен тұратын болады, себебі аталған баптың диспозициясы тек осы жазаларды тағуды көздейді.

«Келтірілген шығын сомасы», «Мемлекет пайдасына өндірілген», «Салынған айыппұл мөлшері» және «Өтелген айыппұл мөлшері» деректемелері материалдарда (хаттама, істе) нүкте және үтірсіз теңге түрінде көрсетілген сомаларды көрсетумен толтырылады.

Мемлекетке жасалған нұқсан сомасы осы Нұсқаулықтың 23-тармағына сәйкес көрсетіледі.

АЕҚ сомманы төлеу және толық өтеу туралы мәліметтерді бір мезгілде көрсеткенде, әкімшілік жаза тағу туралы қаулының орындалуы жөніндегі ескерту толтырылмайды.

Егер әкімшілік практика субъектісі ҚРӘҚтК 641-бабына сәйкес әкімшілік істі қысқартса, «Қысқартқан күні» 11.4 деректемесіне белгі қойылады.

«Жұмыс орны, лауазымы, оқу орны» деректемелері кәртішкеде, материалдарда (хаттамада, істе) көрсетілген мәліметтер бойынша толтырылады.

«Заңды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық нысаны», «Заңды тұлға/жеке кәсіпкерлік атау», «заңды мекенжай», «салық төлеушінің тіркеу нөмірі» деректемелері заңды тұлғаның мәліметтерін енгізген кезде толтырылады.

«Кәртішкені толтырған тұлғаның аты-жөні және лауазымы» деректемесі аты-жөнін, лауазымын қысқартусыз толтырылады.

«Туған жері» 14.1-деректемесінде Қазақстан Республикасының республикалық маңызы бар облысы немесе қаласы көрсетіледі. Егер туған жері басқа ел болса – тек елі көрсетілерді.

1-АП электрондық кәртішкесінің 6 және 7-парақтары ішкі істер органдарының толтыруына арналған.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Бас

Прокурорының 2010.03.17 № 17, өзгерту енгізілді - 2011.05.31 № 51 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрықтарымен.

34. Әкімшілік құқық бұзушылар субъектілері туралы ведомстволық деректер банкі бар әкімшілік практика субъектілері N 1-ӘҚ нысанды электронды АЕҚ толтыруды осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

Әкімшімен түзетулерді және жоюларды жүргізу барысында түзетудің себебін көрсету қажет.

## 5-тарау. "Заңды күшке енбеген қаулыларды қайта қарау тәртібі соттармен қаралған әкімшілік істерді есепке алу кәртішкесі" (облыстық және оларға теңестірілген соттарға) N 2-ӘҚ нысанды АЕҚ қою тәртібі және құрылымы

35. Шағым немесе наразылық бойынша сотқа түскен әкімшілік іс бойынша БААТЖ-нен (Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық талдау жүйесі) сандық форматта соттар ұсынған мәліметтер № 2-АП нысанды АЕҚ-қа шығарылады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010.03.17 № 17 Бұйрығымен.

## 6-тарау. N 2-ӘҚ нысанды электронды АЕҚ

36. N 2-ӘҚ нысанды электронды АЕҚ іс келіп түскен соттың, келіп түскен күні, іс нөмірі, іс қаралатын соттың атауынан, егер іс сот алқасымен қаралатын болса, алқа судъясының тегін көрсетуден басталады.

Электронды АЕҚ деректемелері Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесінде сот жүйесінде (бұдан әрі – БААТЖ БҚЕ) бағдарламалық қамтамасыз етуде толтырылатын N 2а нысанды кәртішке деректемелеріне толық сәйкес келеді.

## 7-тарау. "Заңды күшке енген қаулыларды және ұйғарымдарды қайта қарау тәртібі соттармен қаралған әкімшілік істерді есепке алу кәртішкесі" (облыстық және оларға теңестірілген соттарға) N 3-ӘҚ нысанды АЕҚ қою тәртібі және құрылымы

37. N 3-ӘҚ нысанды АЕҚ соттардың қаулылары мен ұйғарымдарына наразылық бойынша келіп түскен әкімшілік іске қатысты құрылады.

Осы кәртішкенің барлық деректемелері бұрын қолданыста болған "Заңды күшке енген қаулыларды және ұйғарымдарды қайта қарау тәртібі соттармен

қаралған әкімшілік істерді ақпараттық есепке алу кәртішкесі" /облыстық және оларға теңестірілген соттарға, Жоғарғы Сотқа (бұдан әрі – N 3а) кәртішкенің деректемелеріне толық сәйкес келеді.

## 8-тарау. N 3-ӘҚ нысанды электронды АЕҚ

38. N 3-ӘҚ нысанды электронды АЕҚ толтырылуы N 2-ӘҚ нысанды АЕҚ электронды сәйкестігі бойынша жүзеге асырылады.

Электронды АЕҚ деректемелері соттарды БААТЖ БҚЕ бойынша толтырылатын N 3а нысанды кәртішкенің деректемелеріне толық сәйкес келеді.

## 9-тарау. Әкімшілік жаза тағу туралы қаулының орындалуы туралы ескерту

39. Әкімшілік практика субъектісі әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындау жүктелген тікелей құқық бұзушы немесе лауазымды тұлғаға әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының (ұйғарымның) орындалуы туралы нақтылаушы құжаттарды алғаннан кейін (түбіртек, төлем туралы ұсыныс қағазы, өндірілген жаза туралы сот орындаушысының  хаты) 3 жұмыс күні ішінде электрондық нұсқада белгілейді (егер ведомстволық деректер банкі бар болса) немесе көрсетілген кезеңде пошта байланысы арқылы (егер ведомстволық деректер банкі болмаған жағдайда) осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Басқармаға жолдайды.

Әкімшілік практика субъекттісімен айыппұл көлемі толық өндіріп алынып, Басқармаға ұсынылған N 1-ӘҚ нысанды карточкасының 13-деректемесінде көрсетілген жағдайда, хабарлама жіберілмейді.

Ескерту. 39-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011.05.31 № 51 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен

40. Мәжбүрлеп орындауды жүзеге асырушы орындау өндірісінің органы құқық бұзушыдан әкімшілік жаза тағу жөніндегі қаулының (ұйғарымның) орындалуы туралы нақтыланған құжаттарды (квитанция, төлем туралы ұсыныс қағазы, өндірілген жаза туралы сот әкімшілігінің  хаты) алу кезінде, жүргізілген жаза туралы белгімен 3 жұмыс күні ішінде әкімшілік жаза тағу туралы қаулы шығарған органға (лауазымды тұлғаға) қайтарады.

41. Сотпен әкімшілік жаза тағу барысында орындау өндірісі органымен сот қаулысын (ұйғарымын) орындағаннан соң оның көшірмесін әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы құрастырған әкімшілік практика субъектісі жолдайды.

Содан соң, әкімшілік практика субъектісімен сот қаулысы және ұйғарымы

бойынша қаулының орындалуы туралы ескерту толтырылады және басқармаға ( Комитетке) жолданады.

## 10-тарау. Әкімшілік жауаптылықтан және әкімшілік жазадан босату немесе шешімнің жоғарыда тұрған органмен өзгертілуі туралы

42. Әкімшілік практика субъектісі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 70, 75, 701, 702 және 704 баптарының негізінде, сонымен қатар заңды тұлға қызметінің тоқтатылуы туралы Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркеліміне жазбаны енгізгеннен кейін конкурстық басқарушының және банкрот деп танылған заңды тұлғаны тарату балансының қорытынды есебін бекіту туралы заңды күшіне енген сот ұйғарымы бойынша әкімшілік жазадан немесе әкімшілік шарадан тұлғаны босату кезінде хабарламаны үш тәулік ішінде осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша электрондық түрде немесе пошта байланысымен Басқармаға жолдайды.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011.05.31 № 51 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен

42-1 «Орындау өндірісі және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабына сәйкес, әкімшілік жаза тағу туралы қаулыны орындауды қысқарту кезінде сот орындаушысы үш тәулік ішінде хабарламаны электронды түрде немесе пошта арқылы Нұскаулықтың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Басқармаға жолдайды.

Ескерту. 42-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011.05.31 № 51 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді) Бұйрығымен

## 11-тарау. Әкімшілік істерді тіркеу журналы

43. Әкімшілік практика субъектілерімен Әкімшілік істерді тіркеудің электронды немесе қағаз жүзіндегі журналы (бұдан әрі – Журнал) (6-қосымша) жүргізіледі.

Электронды немесе қағаз жүзіндегі журнал әкімшілік практика субъектісінің мұрағатында 3 жыл сақталады, (электронды немесе қағаз жүзінде) содан соң, қағаз нұсқасы акті бойынша жойылады.

Қағаз жүзіндегі журнал нөмірленген, тігілген және мөрмен басылған болуы тиіс. Жазбалар толық енгізіледі, қателескен жазбалар түзетіліп, жауапты тұлғаның қолы қойылады.

Ескерту: Журналда барлық қозғалған әкімшілік өндірістер енгізіледі, олардың қысқартылуы туралы белгі қарау нәтижелері туралы бағандарға қойылады.

## 12-тарау. Деректер банкісімен қызмет жасау негізі және тәртібі

44. Қайталанғандығын анықтау үшін сұраулар осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасына сәйкес сұрау нысаны бойынша рәсімделеді.

Сұрау әр тексерілуші тұлғаға бөлек түсінікті, баспа әріптерімен, көгілдір немесе қара бояумен қолмен немесе компьютермен жазу арқылы рәсімделеді.

Ескерту: Әкімшілік практика субъектісінде Комитеттің орталықтандырылған деректер банкісіне электронды қол жетімділіктің сұрау салусыз тәртіпте қажетті ақпаратты алу үшін жол беріледі.

Мемлекеттік органдардың қайталануды анықтау үшін жүгінуі барысында барлық қолда бар мәліметтер көрсетіледі.

Тұлғаны әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы ақпаратты талап еткен мемлекеттік органдар алынған ақпаратты таратқаны үшін Қазақстан Республикасы заңнамасымен анықталған тәртіпте жауап береді.

45. Сұрауды рәсімдеу барысында қысқартуларсыз келесі мәліметтер көрсетіледі:

1) жеке тұлғаға қатысты: тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы мен жері, сонымен қатар, тұрғылықты жері;

2) жеке тұлғаға және жеке кәсіпкерге қатысты салық төлеушінің нөмірі, атауы, заңды мекен-жайы.

Нақтыланған мәліметтердің өзгертілуі жағдайында, бір жыл ішінде сұрауға бұрынғы мәліметтерді көрсету қажет. Нақтыланған мәліметтерді өзгерту барысында, бір жыл ішінде үш немесе одан да артық рет жеке сұрау құрылады.

Сұраудың 1-6, 11-13 жолдары оның жеке тұлғаға қатысты рәсімделу жағдайында толтырылады.

Сұраудың 7-13 жолдары заңды тұлға және жеке кәсіпкерге қатысты рәсімделген жағдайда толтырылады.

Сұрауды рәсімдеу кезінде 10-жолда міндетті түрде тексеріс негізін көрсету қажет.

Сұрауға уәкілетті лауазымды тұлғамен қол қойылады және мемлекеттік орган мөрі басылады.

Субъектілердің электронды байланысы болған жағдайда, қайталамалығын анықтау үшін сұраулар Комитетпен анықталатын автоматтандырылған электронды форматта орындалады. Нұсқаулық талаптарының бұзылуымен рәсімделген сұраудың қағаз жүзіндегі түрі орындалусыз қайтарылады, және оған тиісті түрде белгі қойылады.

46. Осы Нұсқаулықтың талаптарын бұзу арқылы рәсімделген сұраудың қағаз жүзі орындалмай қайтарылады, ол туралы тиісті белгі қойылады.

47. Сұрау Комитетке немесе басқармаға келіп түскен сәтінен бастап қайталамалығын анықтау қажеттігі жағдайында 5 жұмыс күні ішінде орындалады және сұрауды жолдаған органға поштамен жолданады немесе Комитетке не болмаса басқармаға жолданады.

48. Деректер банкінде тексерілетін тұлғаға қатысты мәліметтер болмаса, сұраудың артқы жағында "Мәліметтер жоқ", автоматтандырылған ақпараттық жүйе операторының нөмірі (бұдан әрі – ААЖ) мәтіні жазылуымен мөр басылады және тексеру күні белгіленеді.

Есепке алуда тексерілушіге қатысты мәліметтердің анықталуы барысында олар сұраудың артқы жағына бейнеленеді және тексеру өткізілген күн туралы белгінің қойылуымен (ААЖ операторының нөмірі) мөрмен куәландырылады.

